

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Хабар" агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қызметін жетілдірудің жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 14 мамырдағы N 438

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Хабар" агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қызметін жетілдіру және телекоммуникацияларды дамытуға арналған шығындарды оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Хабар" агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет 100 процент қатысатын жабық акционерлік қоғамы етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бір айлық мерзім ішінде заңдарда белгіленген тәртіппен:

қажетті қайта ұйымдастыру рәсімдерін жүргізісін;

1998 жылғы 1 қаңтардағы бағаны ескере отырып, тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың қорытындысының негізінде қайта ұйымдастырылатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Хабар" агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мүлкін бағалап, құрылатын "Хабар" агенттігі" жабық акционерлік қоғамы активтерінің тізбесін , құрылымын және жарғылық капиталының көлемін белгілесін;

"Хабар" агенттігі" жабық акционерлік қоғамының жарғысын бекітсін және оны мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

3. "Хабар" агенттігі" жабық акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 23 қазандағы N 1382 P951382\_ қаулысының 3-тармағымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Хабар" агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына берілген құқықтар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Хабар" агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының құқықтық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Хабар" агенттігі" жабық акционерлік қоғамы тіркелген күннен бастап екі апта мерзім ішінде оған хабар тарату құқығына және теледидар мен радио саласында байланысты жүзеге асыру жөніндегі қызметке берілген тиісті лицензияларды заңдарда белгіленген тәртіппен қайта ресімдесін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі: "Хабар" агенттігі" жабық акционерлік қоғамы бағдарламаларының мемлекеттік тапсырыстың көлемі мен мемлекеттік бағалар бойынша хабар таратудың қолданылып жүрген шарттарын сақтай отырып, бірінші жиілік арнасы бойынша, сондай-ақ

спутниктік теледидар жүйесі бойынша үзіліссіз берілуін қамтамасыз етсін;  
"Хабар" агенттігі" жабық акционерлік қоғамының хабарларын жалпы республикалық және жергілікті теледидар және радио бағдарламаларының санкциясыз үзуін болдырмау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК